

*Осы аударма ресми аударма  
болып табылмайды*

"АСТАНА" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ  
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫНДА

23 қазан 2024 жыл

No: AIFC-C/SCC/2024/0021 ic

Талапкер

ӨТЕГЕНОВ СҰЛТАНБЕК ӘБІЛҰЛЫ МЫРЗА

қарсы

(1) NEF QAZAQSTAN ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

(2) TIMUR GAYRIMENKUL GELİŞTİRME YAPI VE YATIRIM A.Ş.  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Жауапкерлер

---

ШЕШІМ

---

Сот Судьясы:

Судья Джозефин Хиггз КС

## ШЕШІМ

Осы Шешімнің құрылымы келесідей:

- 1-бөлім. Кіріспе
- 2-бөлім. Талапкердің талаптарына негіз болған фактілер
- 3-бөлім. Бірінші жауапкерге қарсы талап қою
- 4-бөлім. Екінші жауапкерге қарсы талап қою
- 5-бөлім. Шығындар
- 6-бөлім. Қорытынды

### **1-БӨЛІМ. КІРІСПЕ**

- 1.1 Талапкер, Өтегенов Сұлтанбек Әбілұлы мырза, 2024 жылдың 4 шілдесінде қабылдаған және 2024 жылдың 9 шілдесінде Сот шығарған Талап-арызды АХҚО Сотына тапсыру арқылы "NEF Qazaqstan" ЖШС-не («Бірінші жауапкер») және "Timur Gayrimenkul Geliştirme Yarı ve Yatırım" АҚ-на («Екінші жауапкер») (бірілесіп «Жауапкерлер») қарсы талап қойды.
- 1.2 Талап-арыз нысанында Талапкер, қысқаша айтқанда, Бірінші жауапкер шығарған және Екінші жауапкер кепілдік берген мерзімі өткен KZX000001805 облигацияларының («**Облигациялар**») негізгі қарызын, сондай-ақ сыйақысын және шығындарын өндіруді талап етеді.
- 1.3 2024 жылдың 6 тамызында Бірінші Жауапкер талап қою бойынша пікір берді. Бірінші Жауапкер өзінің Қарсылығында Талапкер алдындағы берешегі бар екенін мойындады, атап айтқанда, ол 69 995,11 АҚШ доллары көлеміндегі негізгі қарызды, 900,79 АҚШ доллары көлеміндегі пайызды және соманы төлемегені үшін 2 659,32 АҚШ доллары көлеміндегі пайызды мойындады. Бірінші жауапкер Сотқа және Талапкерге АҚШ долларымен номинацияланған KZX000001805 облигациялары мен теңгемен номинацияланған KZX000001185 облигацияларының ұстаушыларына негізгі қарыз сомасын өтеуді ұсынғанын хабарлады; бұл ұсыныс облигация ұстаушыларының наразылық білдірмеуі және болашақта Бірінші жауапкерге де, Екінші жауапкерге де қандай да бір талаптар қоймауға келісуі шартымен жасалған. Сондай-ақ, аталған шарттар қабылданбаған жағдайда Эмитент қандай да бір төлемдер жасай алмайтынын және кейінгі кез келген шағымдар мен талаптар Кепілгерге бағытталуы тиіс екенін көрсетті.
- 1.4 Екінші Жауапкерден немесе оның атынан талап қою бойынша ешқандай пікір берілген жоқ.
- 1.5 2024 жылғы 27 тамыздағы электрондық хатта Сот Талапкерден Қорғану пікірдегі ұсынысты қабылдағысы келетін-келмейтінін немесе Сот талап-арызды қарап, шешім шығарғанын қалайтынын растауды өтінді. Электрондық хатта егер Талапкер Соттың талап-арызды қарауын қаласа, онда Талапкер де, Жауапкерлер де тыңдау өткізуді талап етпеген жағдайда, Сот істі тыңдау өткізбей, құжаттар негізінде қарайтыны көрсетілді.
- 1.6 Аппаратқа жіберілген 2024 жылғы 24 қыркүйектегі электрондық хатында Талапкер Соттың талап қоюды қарап, шешім шығаруын қалайтынын АХҚО сотына хабарлады.

### **АХҚО Ұсақ даулар сотының юрисдикциясы және қолданылатын құқық**

- 1.7 Талап-арыз нысанында Талапкердің Жауапкерлерге қойған талаптарына қатысты Талап-арыз нысанына 3-қосымшада ұсынылған, Эмитент дайындаған Облигациялар проспектісі ("Проспект") негізінде АХҚО сотының юрисдикциясы бар екендігі көрсетілген.

1.8 Проспектіде 27-28 беттердегі 2.1-тармақта мыналар көзделген:

«Облигациялар және облигациялардан немесе олармен байланысты туындайтын кез келген шарттан тыс міндеттемелер АХҚО құқығына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.

Эмитент осы құжатта Облигациялар иелерінің пайдасына Облигациялардан немесе олармен байланысты туындайтын кез келген шағымдар, даулар немесе кез келген сипаттағы келіспеушіліктер (олардың болуына, қолданылуын тоқтатуға қатысты шағымдарды, дауларды немесе келіспеушіліктерді немесе облигациялардан туындайтын немесе олармен байланысты туындайтын кез келген шарттан тыс міндеттемелерді қоса алғанда) АХҚО сотына берілуі және оның қағидаларына сәйкес түпкілікті шешілуі тиіс ».

1.9 Проспектінің 41-60 беттерінде Облигация ұстаушылардың пайдасына Кепілгер мен Эмитент арасында жасалған 2022 жылғы 28 қазандағы «3-қосымша бойынша кепілдік туралы келісім» («Кепілдік») бар.

1.10 Кепілдіктің 59-60-беттеріндегі «Юрисдикция» 19-бапта, 2023 жылғы 7 қарашадағы "1 қосымша келісім" редакциясында мынадай юрисдикциялық ескертпе бар:

«Тараптар осы Келісім бойынша кез келген іс-әрекеттерге немесе талқылауларға қатысты АХҚО сотының айрықша юрисдикциясымен келіседі. Осы тармақтың мақсаттары үшін "АХҚО-ның қолданыстағы заңы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы "Астана " халықаралық қаржы орталығы туралы № 438-ҚРЗ Конституциялық заңының 4-бабында айқындалған мәнге ие».

1.11 Талапкердің мәлімдеуінше, осы ережелердің нәтижесінде оның Бірінші жауапкерге және Екінші жауапкерге Облигациялармен байланысты туындаған талаптарына қатысты АХҚО Соты юрисдикцияға ие. АХҚО Сотының юрисдикциясы Қорғану құжатында дауланбаған және Жауапкерлердің ешқайсысы да юрисдикцияны даулайтын өтініш берген жоқ.

1.12 Сот жоғарыда айтылған себептер бойынша АХҚО Ұсақ даулар соты Талапкердің талаптарына қатысты юрисдикцияға ие екендігіне қанағаттанады.

1.13 Талапкер дау АХҚО құқығымен реттеледі деп мәлімдейді, өйткені Проспект те, Кепілдік те АХҚО құқығы қолданылатын құқық болып табылатынын көздейді. Бұл Қорғану құжатында дауланбаған және Сот АХҚО құқығы қолданылатын құқық болып табылатынына қанағаттанады.

1.14 Тараптардың ешқайсысы тыңдау өткізілуін сұраған жоқ. Тиісінше, АХҚО соты Қағидаларының 28.39 қағидаларына сәйкес, Сот осы Талап арызды жазбаша материалдар негізінде қарады және келесі шешімді шығарады.

## **2-БӨЛІМ. ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫНА НЕГІЗ БОЛҒАН ФАКТІЛЕР**

2.1 Талапкер өзінің талап арыз нысанында мынадай фактілер мен мән-жайларды мәлімдейді. Бұл фактілердің ешқайсысын да Бірінші Жауапкер өзінің Қорғану құжатында дауламайды.

2.2 Бірінші Талапкер KZ000001805 (NEF.1125) облигацияларына 69 955,11 АҚШ долларын инвестициялады және 698 облигация сатып алды. Бұл инвестиция талап арыз нысанының 4-қосымшасында ұсынылған Клиент тапсырысымен расталады.

2.3 Облигациялардың өтеу мерзімі - 2025 жылғы 20 қараша, жарты жылдық негізде төленетін

жылдық 10% пайыздық мөлшерлемен.

- 2.4 Бірінші Жауапкер сонымен қатар басқа да KZX000001185 (NEF.1123) облигацияларын шығарды. Алайда, 2023 жылғы 30 қарашада Бірінші Жауапкер № KZX000001185 (NEF.1123) облигациялары бойынша өз дефолтын мойындады [5-қосымша]. Бірінші Жауапкер № KZX000001185 (NEF.1123) облигацияларын ұстаушыларға негізгі қарызды және соңғы купондық төлемді төлеу бойынша дефолтқа жол бергенін жариялады.
- 2.5 Проспектінің 4.4(1) тармағында Облигацияларға қатысты Эмитент былай деп міндеттенеді: «Эмитент облигацияларын шығарумен байланысты емес міндеттемелерді Эмитент активтерінің облигациялар шығарылымдарын мемлекеттік тіркеу күніндегі жалпы құнының он пайызынан астамына орындамау фактілерін болғызбау». [3-қосымша]
- 2.6 № KZX000001185 (NEF.1123) облигациялары бойынша дефолт Проспект бойынша Облигацияларға (яғни № KZX000001805 (NEF.1125) облигацияларына) қатысты өзге міндеттемелердің бұзылуына әкелді және Талапкер өз Облигацияларын мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығын берді.
- 2.7 Көп ұзамай, 2023 жылдың 30 желтоқсанында Бірінші Жауапкер облигациялар бойынша "Басқа міндеттемелерді (Ковенанттарды) бұзу" түрінде дефолтты мойындады, сондай-ақ облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құқығын растады [2-қосымша]:
- 2.8 «Компания [№ KZX000001185 облигациялары бойынша дефолт] салдарынан Проспектінің 4.5 (А) бөліміне сәйкес Басқа міндеттемелердің (Ковенанттардың) бұзылғанын хабарлайды және 2023 жылғы 31 желтоқсаннан бастап KZX000001805 (NEF.1125) облигацияларын ұстаушылар Компаниядан KZX000001805 (NEF) облигацияларын мерзімінен бұрын өтеу сұралған хабарлама жіберуге немесе Проспектіде көрсетілген өзге де іс-әрекеттер жасауға құқылы. Мұндай хабарламаның үлгісі осы құжатқа А қосымшасында қоса берілген».
- 2.9 Проспектінің 4.5(а) бөлімінде мыналар қарастырылған:
- «4.5 Дефолт оқиғалары*  
*Егер төменде келтірілген оқиғалардың біреуі немесе бірнешеуі орын алса (олардың әрқайсысы «Дефолт оқиғасы» деп аталады), облигация ұстаушысы Эмитентке ол тіркелген кеңсесіне осындай облигациялар негізгі қарыз бойынша, төлем күніне жинақталған пайыздармен (егер бар болса) қоса дереу сатып алынатындығы туралы жазбаша хабарлама жібере алады.*  
*а) Басқа міндеттемелердің (Ковенанттардың) бұзылуы»*
- 2.10 Дефолт жағдайында Проспект 34-бетте облигация ұстаушылар дефолт туралы ақпарат алғаш жарияланған күннен бастап 7 күн ішінде Эмитентке Облигацияларды өтеу туралы жазбаша талаптар жіберген жағдайда облигациялардың иелеріне облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құқығын береді.
- 2.11 Талапкер талап етіліп отырған жазбаша хабарламаны («Хабарлама») 2024 жылдың 4 қаңтарында Жауапкерлердің электрондық пошта мекенжайларына жіберді [6-қосымша]. Сонымен қатар, Талапкер Хабарламаны Эмитенттің кеңсесіне жіберіп, Эмитенттің қызметкерінен оны алғаны туралы қолтаңба алды [7-қосымша].
- 2.12 Талап арыз нысанын берген күнге Эмитент Талапкер алдындағы өз міндеттемелерін орындаған жоқ.

2.13 Талапкер негізгі қарыздың пайыздарымен қоса төленуіне құқылы екенін және Кепілгер мен Эмитент бұл төлем үшін ортақ жауапкершілікте екенін мәлімдейді. Төменде түсіндірілгендей, Эмитенттің негізгі қарыз бен пайыздарды төлеу жауапкершілігіне қатысты ешқандай дау жоқ.

### **3-БӨЛІМ. БІРІНШІ ЖАУАПКЕРГЕ ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮ**

3.1 Бірінші Жауапкер Талапкер алдындағы негізгі қарызды өтеуге міндетті екендігі дауланбайды. Жоғарыдағы 1.3-тармақта көрсетілгендей, Бірінші Жауапкер өзінің Қарсылығында Талапкер алдындағы жалпы сомасы 73 515,22 АҚШ долларын құрайтын қарызын мойындайды.

3.2 Талап-арыз нысанында баяндалған және оған қоса берілген құжаттардағы мәліметтерге, сондай-ақ Бірінші жауапкердің Қорғану құжатындағы мойындауына сүйене отырып, мен Бірінші жауапкер 2024 жылғы 3 шілдедегі жағдай бойынша Талапкерге 73 515,22 АҚШ доллары сомасын берешек деп табамын.

3.3 Ол күннен бері қосымша пайыздар есептелген. Талап арыздың 33-тармағында көрсетілген 7,7% пайыздық мөлшерлемені негізге ала отырып, осы шешім шығарылған күнге есептелген пайыздар сомасы (2024 жылғы 23 қазан) 1 674,14 АҚШ долларын құрайды.

3.4 Тиісінше, мен Бірінші Жауапкер Талапкерге 75 189,36 АҚШ доллары сомасын берешек деп табамын.

### **4-БӨЛІМ. ЕКІНШІ ЖАУАПКЕРГЕ ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮ**

4.1 Талапкердің мәлімдеуінше, Эмитенттің жауапкершілігін айқындағаннан кейін, Талапкер Кепілгерден міндеттемені ортақ тәртіпте орындауды талап ете алады. Ол «Кепілдікті орындау және ұсыну» 5.1-бабына сілтеме жасайды және Кепілдік бойынша міндеттемелердің туындауына әкелетін оқиғалар болғанын мәлімдейді. Сондай-ақ, ол Кепілгер 2023 жылғы 12 желтоқсандағы (Талап-арыз нысанының 9-қосымшасы) мәлімдемесінде Талапкер алдындағы міндеттемелерін мойындағанын алға тартады.

4.2 Бірінші Жауапкер ұсынған Қорғану құжатында Талапкердің мәлімдемелері дауланбайды және Екінші Жауапкер облигациялардан туындайтын міндеттемелер бойынша ортақ және жауапкершілікте болады деп көрсетілген.

4.3 Екінші Жауапкер қарсылық берген жоқ.

4.4 Талап-арыз нысанында баяндалған мәлімдемелер мен оған қоса берілген құжаттар негізінде мен қанағаттандым және Эмитенттің міндеттемелері орындалмағаны үшін Кепілгер ортақ жауапкершілікте деп есептеймін.

4.5 Сонымен, мен Екінші Жауапкердің Талапкер алдындағы қарызының жалпы сомасы осы шешім шығарылған күнге 75,189,36 құрайды деп санаймын.

### **5-БӨЛІМ. ШЫҒЫНДАР**

5.1 Талапкер өзінің Талап-арыз нысанында өкіл қызметтеріне ақы төлеуді де талап етеді. АХҚО сотының 26.9 қағидасында Ұсақ даулар соты қажет деп санайтын сот шығындарының бір бөлігін қоспағанда немесе Ұсақ даулар соты жеңілдетілген процедура аясында бағалай алатын және өзін қисынсыз ұстаған тарапты төлеуге міндеттейтін қосымша шығындарды қоспағанда, Ұсақ

даулар соты шығындарға, гонорар мен шығындарға қатысты соманы екінші Тарапқа төлеуге Тарапты міндеттей алмайтыны қарастырылған.

5.2 Мен Жауапкерлер Талапкердің 350,91 АҚШ доллары мөлшеріндегі сот алымын төлеуін орынды деп санаймын.

5.3 Менде Талапкердің өзге шығыстары туралы ақпарат жоқ және Жауапкерлерге басқа шығындарды өтеуді бұйырды орынды деп санамаймын. Алайда, қажет деп тапқан жағдайда, Талапкер осы Шешім шыққан күннен бастап 28 күн ішінде талап етілетін сомаларды және шығындарды талап етудің қысқаша негіздерін көрсете отырып, шығындар туралы жазбаша мәлімдеме бере алады. Жауапкерлер, қажет болса, одан кейінгі 28 күн ішінде кез келген жауабын ұсына алады. Осыдан кейін мен Талапкердің шығындар бойынша талабын құжаттар негізінде анықтаймын.

## **6-БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ**

6.1 Жоғарыда келтірілген себептерге байланысты СОТ БІРІНШІ ЖАУАПКЕРГЕ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ЖАУАПКЕРГЕ БҮГІННЕН БАСТАП 28 КҮН ІШІНДЕ 75 540,27 АҚШ ДОЛЛАРЫН ТӨЛЕУДІ БҰЙЫРАДЫ.

Сот қабылдады,  
Джозефин Хиггс КС  
Судья, АХҚО сотының Ұсақ даулар соты

### **Өкілдік:**

Талапкердің мүддесін Tukulov Kassilgov Shaikenov Disputes LLP серіктесі Бахыт Түкулов мырза қорғады, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

Бірінші Жауапкердің мүддесін ILF A&A Limited Liability Partnership ұйымының өкілі Рауан Батыков мырза қорғады, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

Екінші Жауапкердің атынан өкілдік етілген жоқ.